

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасының
әдіскері: А.Ә.Жақсылықова

Апталық: «Бақытым да, байлығымда денсаулық»
Тақырыбы: «Денсаулық-зор байлық»
Кіші, «Алпамыс» тобы



Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б

Таушық 2024

Тақырыбы: «Денсаулық- зор байлық».

Мақсаты: Денсаулық туралы, денсаулықтың қадірі туралы балаларға түсінік беру, қимылды ойындар арқылы балалардың денсаулығын нығайтып, ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу, дене шынықтыруға деген қызығушылығын арттыру.

Тәрбиеші: Денсаулық - бар байлығың басыңдағы,
Жайнаған өміріңнің жасыл бағы.

Қастерлеп мәпелесең, аяласаң,

Бойыңнан кетпес қуат жасыңдағы.

Денсаулық қашаннан да алтынға тең,

Болады болашағың жарқын да кең.

Аңдамай жақын болсаң арсыздықпен,

Ойланып көп тасымай ақылға кел. Қадірлі қонақтар, жарқын болашаққа кең қадам басқан бүлдіршіндер бүгінгі «Денсаулық-зор байлық» атты спорттық жарысымызға қош келдіңіздер! Қазір екі командаға бөлінеміз.

Менің сиқырлы сандығымның ішіндегі қызыл және көк жұлдызшалар бар.

Сендер келіп бір жұлдызшаны аласыңдар көк жұлдызшаны алғандар, көк командаға, қызыл жұлдызшаны алғандар қызыл командаға барасыңдар.

Аю келеді (музыкамен)

Аю: Мына жерде не жиын?

Құрып кетіңдер бәрін, маған тыныш ұйқы бермедіңдерғой! Бәрінің шырқын бұзамын.

Тәрбиеші: Аю неге ашуланып тұрсыз, біз өмір салтын сақтау мақсатында спорттық шара өткізгелі отырмыз. Сізде қатысыңыз біздің жарысқа, біздің балалар жалқау емес, олар спортты жақсы көреді. Спортпен айналысқан жан денсаулығы мықты болады.

Аю: А, солайма? Жақсы ендеше менде спортпен айналысайын.

Тәрбиеші: Балалар біз Аюға арнап, жаттығу жасап, ән айтайықшы.

Ән: Аю тұршы.

Ал енді біз қызыл және көк жұлдыздар командасына бөліндік. Ендеше Әділ-қазылар алқасын таныстырып жіберейік.

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасының директоры:

Баянова Алмагүл Ерболатқызы

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасының әдіскері:

Жақсылықова Айгүл Әлиасқарқызы

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасының медбикесі:

Жарасқан

Ал енді спорттық жарысымызды бастайық.

1. «Шарларды жина» командалар шарларды бір себеттен екінші себетке кеглилердің арасымен тасып апарды.
2. «Кім жылдам» Допты ұстап, кеглилердің арасымен жүгіріп келу.
3. «Секіршектер» Үлкен допқа отырып, кегли арасымен секіріп келу.
4. «Өз үйшігінді тап» Бұл үйшіктерге балалар әуен қосылғанда ортаға билеп ойнайды, сөнгенде әр команда өз үйшігіне тығылып бару керек керек.

Аю: Ой бәрекелді балалар өте епті, жылдам екенсіңдер. Енді менде босқа ұйықтамай сендер кекілді спортпен айналысып, күнделікті жуынып жүретін боламын,

Тәрбиеші: Жарайсыз, Аю. Рахмет сізге. «Денсаулық-зор байлық» атты спорттық жарысымызда қай топ мықты жарықа түскенін білуге, әділқазыларды шақырамыз.

Марапаттау.

Тәрбиеші: Уа, халқым назар аудар денсаулыққа
Өмірде бақыттысың денің сау да.

Денсаулық терең бақыт деген сөзді

Құр айтпаған ұлы Абай данамызда демекші

Осымен бүгінгі спорттық сайысымызды аяқтаймыз. Дені сау, құрыш білікті, батыл жүректі, салауатты өмір салтын орнықтыруға дайын ұрпақ болып, өсейік.

Тәрбиеші:- Балалар сендерге қимылды ойындар ұнадыма ?

Осымен бүгінгі «Денсаулық-мол бақыт» атты спорттық ойын-сауығымыз аяқталды. «Сау дене, азат ақыл, адал көңіл – үшеуімен бақытты болады өмір», - деген нақыл сөз бар. Айтқанымыздай, дені сау, құрыш білікті, батыл жүректі, салауатты өмір салтын орнықтыруға дайын ұрпақ болып өсейік, ешқашан ауырмай, өз денсаулықтарыңды күтіңдер! Аспанымыз ашық, деніміз сау болсын. Сау болыңыздар.





